

Кеңестуы ауылдық округі әкімінің 2008 жылғы 16 маусымдағы № 7 "Елді мекендердің көшелеріне атау беру туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Ақтөбе облысы Темір ауданы Кеңестуы ауылдық округінің әкімінің 2017 жылғы 5 сәуірдегі № 10 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 13 сәуірде № 5437 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35 бабына, Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 9 ақпандағы "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Заңына сәйкес Кеңестуы ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Кеңестуы ауылдық округі әкімінің қазақ тіліндегі 2008 жылғы 16 маусымдағы № 7 "Елді мекендердің көшелеріне атау беру туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 3-10-72 тіркелген, 2008 жылғы 23 шілдеде "Темір" газетінде жарияланған) шешіміне келесідей өзгеріс енгізілсін:

қазақ тіліндегі шешімнің кіріспесінде "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" сөздері "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" сөздерімен ауыстырылсын.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Кеңестуы ауылдық округінің әкімі

С. Тұранов